



# АНА ТІЛІ

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

Ұлт Тағзымы

Сөзі жоғалған  
жұрттың  
өзі де жоғалады



## Бақыткерей баспалдақтары



**Тұлғасы таудай болса да, кісіге жоғарыдан қарап, нық теңестіріп, теке тіреспейтін, тектілігі бүкіл болмысынан байқалып тұратын Бақыткерей туралы толғақты сөз айту екінің бірінің қолынан келе бермесі хақ. Олай дейтінім, ол бір қарағанда, тым қарапайым көрінгенімен, намысына қызған кезінде тұлпардай тулайды, сұңқардай зулайды. Жайшылықта-жайсаң, қайшылықта қайсар, бағзы заманда туса, ел шетіне жау келсе, жайдақ атқа міне сала жалғыз шабатын нағыз хас батырдың өзі десе де болғандай. Әншейінде алқам-салқам, аңқау көрінгенмен, ішкі жан дүниесінде бір асқақтық болатын. Шаңырағының шаттығын, балаларының бақытын ойлап, жан жары Жанардың да тілін тауып, үндемей-ақ үй тірлігін үйлестіріп жүретін. Кісіге тым жуық, айналасына алаңы жоқ, адам баласына залалы жоқ, барынша ақкөңіл, адал да жайсаң жан еді.**

Біз бір топырақты басып, бір өзеннен су ішіп өскен Торғай деген ұлы даланың ұрпақтары едік. Бірақ біздің танысып-табысқан тағдырымыз Алматыдан басталды. Кеңшілік екеуіміз көрінген пәтерге көшіп, жайланып, жайғасып тұратын баспана таба алмай басымыз қатып жүргенде, бір күні біздің жерлес жігіт: «Ағалар, сіздерді торғайлық Бақыткерей деген бір жас ақын іздеп жүр. Сіздермен кездескісі келеді!» десін. Бізде тұрақты мекен немесе қызмет жоқ, «сырттай оқудың әуресімен» жүргенбіз. Әлгі жігіт Бақыткерейдің мекенжайын айтты. Нешінші үй екені есімде қалмапты, әйтеуір, «Осабиахум» деген көше әлі күнге дейін жадымда. «Осабиахум» екінші Алматы вокзалының арғы жағында теміржолды қиып өтетін жерде екен. Оңайлықпен табылатын жер болмаған соң, Кеңшілік екеуіміз, такси ұстап «Осабиахумға» тарттық. Такси «Осабиахумды» тез тапты. Студенттер тұратын жұпыны жатақ үй екен. Қорасынан бір топ торғай

үрке қарап, топтана шыққанмен бізді көріп, үйіріле қалды. Бақыткерей бізді бірден танып, құшақтаса кетті. Көптен күткен бауырымызға жолыққандай ақар-шақар болдық та қалдық. Біздің бойымызда боса-болмаса бір «желік» бар еді. Соны сезіп қалған Бақыткерей балалардың біреуін дереу дүкенге жүгіртті. Байқаймыз, бәрінің бастығы – Бақыткерей. Бәрі де Бақыткерейдің қабағына қарап, қалт еткенді бағып-ақ отыр. Өйтіп-бүйтіп, дабырласып отырғанда күн кеш боп қалды. Бақыткерей бізге: «Сендер енді қонып кетесіңдер, түні бойы өлең оқып, ән айтамыз!» деп жастығының астында жатқан бір көнетоз қоңыр дәптерге қол жүгіртті. Парақтап көріп еді, баданадай ірі әріптермен жазылған өлең өрнектері бірден көзге шалынады. Парақтардың сауы жоқ, су шашыраған, сия төгілген, жұлмаланып, жыртылған беттері де кезігіп қалады. Бақыткерей бір өлеңнің дауысын баптап, тамағын кенеп оқи жөнелді. Дауысы зор секілді. Өлеңдерінде де салмақ бар екен. Өлеңді жаңадан жаза бастаған ақынға ұқсамайды. Қазірдің өзінде кәнігі ақындар сынды сөз саптайды, ой айтады. «Шындағы шынар» деген өлеңі есімде қалыпты. Үйіріліп төнген кара бұлтты қақ жарып, жарқ-жұрқ еткен найзағай, күн сатыр-сұтыр күркіреп, аспаннан жай түседі. Аспаннан түскен жасын жай түскенімен қоймай шың басындағы жалғыз шынар ағашты құлатып кетеді... Бақыткерей бар дауысымен, қолын сермелеп, рақат бір күйде өлеңін оқып бітірді. Біз тым-тырыс отырып қалдық. Жанағы жасын шың басындағы жалғыз шынар ағашына емес, шынымен-ақ бізге түскендей, үрейленіп бір-бірімізге қарадық. Бір кезде Кеңшілік маған бұрылып: «Өй, мынау біз сияқты мықты ақын ғой!» десін. Жапырласып Бақыткерейдің қолын алып, бауырға басып, жақсы өлеңімен құттықтап жатырмыз. Бақыткерей осы сәтте беті бал-бұл жанып өзін аса бір бақытты сезініп тұрды.

Сол барғаннан біз Кеңшілік екеуміз Бақыткерейдің қасында 4-5 күн болып, эзер тарастық... Міне, сол кезден бастап, өмірінің соңына дейін біз Бақыткерейден бір сәт ажырасқан жоқпыз, жүрегіміз де, тілегіміз де бір болып, талай қилы кезеңдерді бастан кешірдік.

Біз Кеңшілік екеуміз Бақыткерейді біраз жыл өзімізден кіші санап жүріппіз. Ол әдебиетке бізден кейінірек, сәл кешігіп келді. Бәлкім, соның әсері де болар. Кейін арамыздағы бір жасты елемей, қатар құрдас болып кеттік. Ал шын мәнісінде қатар өскен жігіттердің ішінде Бақыткереймен түйдей құрдас, ол Серікбай Оспанұлы. Серікбай 1945 жылдың сәуірінде дүниеге келсе, Бақыткерейдің туған күні, сол жылдың тура 9-мамыры. Жеңіс күні. Біз бұл күнді жыл сайын тек қана Жеңіс мерекесі емес, Бақыткерейдің туған күні ретінде үнемі тойлайтынбыз. Ол күні Жанар жайған Бақыткерейдің ақ дастарқанына Кеңшілік, Жарасқан, Дәуітәлі, Тынышбай сынды аға-іні ақын достарымен бірге, өзінің бір жыл туған төл құрдастары Серікбай, Темірхан, Қайырбектер де бас қосып, қауқылдасып қалатынбыз. Жалпы Жанар мен Бақыткерейдің босағасы қонақтан босамайтын, ақ дастарқандары келімді-кетімді кісіге күні-түні жаюлы болатын.

Бақыткерей туралы әзіл-әңгіме тым көп-ақ. Соны ақын інім Ұлықбек Есдәулетов кеңкілдеп күліп отырып, рақаттанып айтады. Кейде мен

Ұлықбекті көргенде «Бақыткерей туралы анекдоттар айтшы» деп өтінем. Өйткені ол туралы айтылатын әзіл-қалжыңдар еш алып-қоспасы жоқ, өмірдің өзінен алынған, бірыңғай болған оқиғалардан құралған.

Мәселен, Серікбай Оспанұлы айтады: «Жалын» баспасында поэзия бөлімін басқарып жүргенімде Бақыткерейге «Ұлы Отан соғысына байланысты өлеңдерден жинақ дайында» деп тапсырдым. Бас жағында үлкен ақындар тұрсын дегенмін, бір кезде Бақыткерей маған: «Ә, онда Абайдан бастаймын ғой» деп қарап тұр. Шыдай алмаған мен: «Е, Абай Ұлы Отан соғысына қатысқан ғой, содан бастай бер!» дедім. Бақыткерей аңқаулығын содан бірақ білді. Шек-сілеміз қатып күліп алдық» дейді Серікбай. Мұндай қызықты оқиғалар Бақыткерейдің күнделікті өмірінен жиі кезігетін. Тіпті жинақтаса бір кітап болатын түрі бар.

Бақыткерейдің мынау фәни жалғаннан өткеніне де біршама уақыт. Не деген зымыран уақыт. Желден де жүйрік бір дүние...

Бақыткерей дүниеден озғанмен артына қаншама қыруар кітаптар қалдырып кетті. Тірлігінде оның жазғандары том-том кітаптар болып тоқтаусыз шығып жатты. Оның өлеңдері мен дастандарын мен бұл әңгімеге арқау еткен жоқпын. Амандық болса, оның ешкімді қайталамайтын ерекше ақындық жолы туралы қаламас дос-жарандары айтуға тиіс деп ойлаймын.

Өткен жылдардың жүзінде көне Торғайдың орталығы – Арқалық қаласында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі Әбдіқапар Жанбосынұлына арналып, ондағы Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік институтта республикалық деңгейде ғылыми конференция өткізілді. Әбдіқапардың жерленген жері – Қараторғай елді мекенінде оған арналып ас берілді, аруағына құран бағышталды. Оның алдында Әбдіқапар мәңгілік мекендеп жатқан Қараторғай өзенінің бойындағы «Көртоғай» деген жерде, Маңғыстаудың ақ тасынан әкелініп, Әбдіқапар күмбезі көтерілген болатын. Бұл ара сонау Кенесары батырларынан бермен келе жатқан ескі зират, көне қорым болатын. Әбдіқапар өмірдің біраз әулеті осы қорымда жатыр. Осы қорымда Бақыткерейдің шешесі де жерленген. Ертеректе Бақыткерей екеуіміз бұл қорымда талай рет болып, ардақты Анаға зиярат еткен болатынбыз. Осы жолы да асыл ананың басына барып зиярат еттім.

Кейінгі жылдары ананың «Қараторғайда» тұратын ұрпақтары басын көтеріп, төрт құлақты там тұрғызыпты.

Ал асыл ананың көрікті де келбетті фотобейнесі Қараторғайдағы балалары Барыс, Ыбыраштың, Алматыда Бақыткерейдің үйінің төрінде тұр. Өмір-тірлікте Бақыткерей әсіресе, бала жасында қорлықты көп көріпті. Әкесі Зәйке деген кісі бір емес, бірнеше рет «репрессияға» ұшырап, қуғын-сүргінді көп көрген.

1949 жылы Торғайда бұрын-соңды ел естімеген сұмдық оқиға болыпты. «Райкомның бюро мүшелерінің» бірде-біреуі қалмай, түгел, кемі он жылдан сотталып кете барған. Себебін әркім әртүрлі айтады: мал қырылған, артық ақпарат берілген, түптеп келгенде баяғы «халық жауларының құйыршықтарын түп-тамырымен құрту» жұмысы жүзеге асқан.

Солардың ішінде Бақыткерейдің әкесі Зәйке Ысқақов та болған. Зәкең ол

кезде аудандық «земотделдің» (жер бөлімі) бастығы болған екен. 10 жылға жер аударылған. Артында қалған үй-іші, үйелмендердің көрмеген азабы қалмаған. «Бір жылда үш мектепте оқыдым» деуші еді Бақыткерей. Ол алғаш мектеп табалдырығын Торғайдың Ы.Алтынсарин атындағы (ұлы ұстаздың өз қолымен салдырған) мектепте оқығандығын мақтанышпен айтып отырушы еді.

Тағдырдың азабын тартқан Бақыткерейдің анасының бұған дейін де екі күйеуі болыпты. Екеуі де заман зардабының қуғын-сүргініне ұшырап о дүниеге аттанған. Бұрынғы күйеулерінен өлідей, Бақыткерейдің әкесінен тірідей айырылып, өмір тауқыметін тартқан ана, азапты жылдардың ауыртпалығына шыдай алмай, күңіренген қалпында көз жұмады.

Оған дейін жазалы болып Қалымаға аттанған Бақыткерейдің әкесі де аман-есен елге оралады. Кейін өгей шешемен өмір сүру Бақыткерейге де оңай соқпады. Сол жылдарда жас Бақыткерейдің басынан әртүрлі күрделі кезеңдер өтеді. Кейін есейіп, ержеткен Бақыткерей, Алматыға келіп ҚазПИ-ге оқуға түсіп, болашақ жары Жанар екеуі бірге оқиды.

Жанарға үйленгеннен кейін Бақыткерейдің бақыты жанып, ауылдағы әкесін Алматыға алдыртады. Одан бергі жағдайы достарының, біздің көз алдымызда өтті. Бірде маған Бақыткерей өз шешесінің пешенесіне жазылған ауыр тағдырын айтып берді. Өзі жазғаннан гөрі менің толғанғанымды тәуір көрді.

Содан, менің, академик-ұстаз ағамыз, зайырлы сыншы Зейнолла Қабдоловтың кезінде майын тамыза мақтаған менің «Бес күйеуге тиген әйел» деп аталатын балладам осылайша дүниеге келген еді. Сырттай қарағанда Бақыткерей еш қамсыз, алаңсыз, еркін өскен ерке бұлаң баладай болып көрінетін. Ал шынтуайтына барып, Бақыткерей тағдырына терең бойлаған адам оның аласапыран өмірінің қатпар-қатпар сырларына қанығар еді. Осындай өмір өткелдерінің қым-қуыт қиындықтарын бастан кешірген Бақыткерейді бұл дүниеден бақытсыз күй кешті деп айтуға әсте аузын бармайды. Жанар екеуі үйлі-баранды болып, ұл-қыздарын балапандай баптап өсірді. Жанар мен Бақыткерейден тараған ұл-қыздарды (күйеу балаларымен қоса) есептесек, үлкен бір әулет көз алдымызға келеді.

Гаухар-Мұрат, Анара-Канат, Алмат-Гүлжахан, Марат-Жаппар, Гүлжан-Талғат болып ерлі-зайыптылардың легін құрар еді.

Немерелері – Жібек, Нұржан, Ермек, Жомарт, Мұрат, Сағадат, Нұрбақыт, Әділет, Әйкерім, Аружан, Әли болып жалғаса береді. Бақыткерей көзі тірісінде Аружан деген немересін көріп кетті.

Бақыткерей дүниеден өтсе де, қазақ айтқандай, «арты қайырлы» болып бара жатыр. Жақында Бақыткерейдің шаңырағы Әлия есімді тағы бір шөберемен толықты. Қызы Анара – медицина ғылымының кандидаты атағын алғанында да онша көп уақыт болған жоқ. Бақыткерейдің қыздары мен ұлдары осылай өмір жалғасын жасап жатса, артында қалған том-том жырлары да бірінен кейін бірі жеке кітап болып туындап жатыр.

Бақтыкерей өзінің соңғы кітабы– «Ғашық ғұмырда»:

Таңнан кешке ұласқан дастандары,

Жырлаған Күн мен Айын аспандағы.

Ескінің сөзін сақтап жеткен тәлім –

Биікке шығаратын – баспалдағы! – деп жазыпты. Тура өз өмірі туралы айтып кеткендей...

Ендеше, қазақ өлеңі өмір сүрген жерде, Бақыткерейдің жыр баспалдақтары биіктей бермек.

**Серік Тұрғынбекұлы**